

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларының және олардың жекелеген нормаларының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 15 шілдедегі N 3059

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының сақталуын қамтамасыз ету, заңдылық пен мемлекеттік тәртіпті нығайту мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000_44-бабының 3)-тармақшасын басшылыққа ала отырып, қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 69-бабының 3-тармағы бұзылып қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына актілері мен олардың жекелеген нормаларының күші жойылсын:

1) "Алматыкітап" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін сату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 ақпандағы N 198 қаулысы;

2) "Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде жабық тендерлер өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 қаңтардағы N 128 қаулысының 2-тармағының үшінші абзацы мен осы қаулыға қосымша - " Акцияларының мемлекеттік пакеттері жабық тендерлерде сатылуға жататын "Береке" Мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына енетін акционерлік қоғамдардың тізбесі";

3) "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 ақпандағы N 250 қаулысының 4-тармағы;

4) "Ертіс полиметалл комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 ақпандағы N 251 қаулысының 4-тармағы;

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік органдар шешімдерінің күшін жойсын, осы Жарлықтың 1-тармағында көрсетілген актілерге негізделген тендерлер мен шарттар нәтижелерінің күші жойылған деп танысын;

2) тиісті қосымша заң актілерін шығару кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен Президенті актілерінің сөзсіз сақталуы үшін атқарушы органдардың лауазымды адамдарының жауапкершілігін арттыру жөнінде кідіріссіз шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі осы Жарлық күшіне енген

күннен бастап екі апта мерзімде қолданылған шаралар туралы мемлекет басшысына баяндайтын болсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК